

Атырау облысындағы қорғау бөгеттері мен жағалауды бекітетін құрылыштарды тәңгеріміне алушыны, сондай-ақ оларды қаржыландыру көздерін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 183-өкімі

Каспий теңізінің қума толқындары мен Атырау облысы аумағындағы өзендер су тасқынының құйретуші әсерінен шаруашылық жүргізу объектілерін, коммуникациялар мен тұрғын үй қорын қорғауға арналған қорғау бөгеттері мен жағалауды бекітетін құрылыштарды тәңгеріміне алушыны айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында:

1. Атырау облысындағы қорғау бөгеттері мен жағалауды бекітетін құрылыштарды тәңгеріміне алушыны, сондай-ақ оларды қаржыландыру көздерін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу үшін мынадай құрамда жұмыс тобы (бұдан әрі - Жұмыс тобы) құралы:

- | | |
|---------------------|---|
| Кеншімов | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары, жетекші |
| Әмірхан Кәдірбекұлы | - Атырау облысы әкімінің орынбасары, жетекшінің орынбасары |
| Егізбаев | - Қазақстан Республикасы |
| Серік Рахметоллаұлы | Премьер-Министрінің Кеңесі өңірлік даму бөлімінің бас инспекторы |
| Оразқұлов | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық органдар шығыстарын жоспарлау департаменті агроенеркәсіп кешені мен қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы |
| Расул Қабдолұлы | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы |
| Сейілханов | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы |
| Әбдіраш Сейілханұлы | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитеті Орал-Каспий бассейндік су шаруашылығы басқармасының бастығы |
| Қуанов | |
| Бейсен Отарұлы | |

Қонас Нәсіпқали Жоланұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитеті "Атыраусушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры
Әбдірахманов Марат Ғинаятұлы	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Атырау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы
Ғабдуллин Тайман Насихатұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Атырау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитетінің бөлім бастығы
Баймұқанов Құрмет Сұлтанұлы	- "Қазселқорғау" мемлекеттік мекемесі Атырау облыстық пайдалану басқармасының директоры.

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде Атырау облысындағы қорғау бөгеттері мен жағалауды бекітетін құрылыштарды тенгеріміне алушыны, сондай-ақ оларды қаржыландыру көздерін айқындау жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

Премьер-Министр